



Автор: Жаугаштина Индира Сансызбаевна

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Отарлау және ұлт-азаттық күрес

Тақырып: 1836-1838 жж. Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	□ 7.3.1.5 – халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; □ 7.3.1.6 – ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру
Сабақтың мақсаты:	Отаршылдыққа қарсы азаттық күрестің себеп-салдарын анықтап, көтерілістің маңызын талдайды. Исатай мен Махамбеттің ұлт-азаттық күрестегі рөліне баға береді
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты лексика мен терминология Шағым-петиция, жазалаушы отряд, рапорт, буферлік аймақ Диалог пен жазылымға пайдалы сөз тіркестері: Бөкей Ордасындағы көтерілістің себебі... Көтерілістің мақсаты... Көтеріліс барысындағы басты оқиға... Көтерілістің нәтижесі... Көтерілістің жеңілу себебі..... Исатай мен Махамбет көтерілісінің ерекшелігі...
Күтілетін нәтиже:	Ресей империясының отаршыл саясатына қарсы бағытталған 1836-1838жж Бөкей Ордасындағы ұлт-азаттық көтеріліс туралы зерттеулерді талдайды (оқылым, айтылым, жазылым дағдылары)
Бағалау критерийлері:	Сыни ойлау мен талдау –1836-38жж Бөкей Ордасындағы көтерілістің себебін, сипатын, мақсатын, барысын, нәтижесі мен тарихи маңызын талдайды; Бағалау-Исатай мен Махамбеттің ұлт-азаттық күрестегі рөліне баға береді
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік ел» идеясы Ресей империясының отаршыл саясатына қарсы бағытталған ұлттың азаттығы үшін болған көтерілістер тарихын талдау барысында жүзеге асады
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Бейнефильм, интерактивті тақтамен жұмыс
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі пәні бойынша білімдері жаңа сөздермен жұмыс және оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым барысында қолданылады.
Бастапқы білім:	XVIII ғасырдың басындағы Ресей империясының Қазақстанда жүргізген отаршыл саясаты туралы біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 мин)	(Т)Ұйымдастыру сәті. Сыныпты топқа бөлу. Көтеріліске қатысты топтардың (жазалаушылар, сұлтандар, шаруалар, старшындар) атаулары жазылған карточкалар бөлме қабырғасының әр жеріне ілінеді. Оқушылар қалаулары бойынша(топтар тапсырмалары қарапайымнан күрделілігіне орай, көтеріліске қарсы топтардан көтерілістің негізгі ұйымдастырушы топтары ара салмағына қарай берілген) өз деңгейлеріне сәйкестендірілген карточка тұсына жиналып, топтасады. (Б) Ой шақыру. Тақырыпқа шығу. (М) «Сол жердемің деп елестетіңіз» тапсырмасы бойынша суретпен жұмыс жүргізіліп, оқушыларға төмендегі сұрақ қойылады: □ Сіз нені көріп тұрсыз? □ Сіз нені естіп тұрсыз? □ Сіз нені иіскей аласыз? □ Бүгін қандай тақырып болуы мүмкін? Оқушылардың болжам жауаптары арқылы сабақ тақырыбы анықталады. М Сабақ тақырыбы мен оқу мақсаттары таныстырылғаннан кейін бағалау критерийлеріне, тарихи концепт пен зерттеу сұрағына назар аударылады.	Презентация Топтар атауы жазылған карточка https://www.youtube.com/watch?v=01zPtWV_-kl немесе https://my.mail.ru/music/songs/mahamet-men-men-edim-7649262c26e218829e0068250dc02852 М.Өтемісұлы «Мен, мен едім» термесі

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (16)	Зерттеу мен талдау (Т) 1-тапсырма. Мәтінмен жұмыс «Ақпаратты талдайық» Топтар мәтінде берілген ақпаратты Бөкей Ордасындағы әлеуметтік топтардың өкілі ретінде талдайды. Әр топ өз тақырыптарына қатысты мәтін мазмұнын оқып, мәселені талдап, зерттейді. Төрт топтың жұмысы бағаланады, олардың жасаған тұжырымдарына комментарий беріледі/ (Мәтінді оқу үшін әр топқа 8 минут, игерген ақпараттарын жариялау үшін 5 минут беріледі) I-топ. «Шаруалар» Көтеріліс себептері 1. Көтерілістің кезеңдерін және оның хронологиялық шеңберін анықтаңыз; 2. Көтеріліс болған аумақты картадан көрсетіңіз; 3.Көтерілістің себептерін атаңыз; 4. Қандай әлеуметтік топтың мүддесінің тапталғаны көз жеткізіңіз. II- топ. «Старшындар» Көтерілістің басталуы, алғашқы кезеңі 1. Көтерілістің басталуына түрткі болған оқиғаны атап, сипаттаңыз; 2.Көтерілістің сипаты мен мақсатын анықтаңыз; 3. Тарихи оқиға тұсындағы тұлғаларды атаңыз, осы оқиғада ол тұлға қаншалықты маңызды екенін түсіндіріңіз; 4.Көтерілістің барысындағы басты оқиғаларды талдаңыз. III-топ. «Сұлтандар» Көтерілістің шешуші кезеңі 1.Көтерілістің үдеуі қандай өзгерістерге әкелгенін анықтаңыз; 2.Көтерілісті басуға жіберілген жазалау отрядтарының басшыларын анықтаңыз; 3.Көтерілістің негізгі ошақтарын, шайқас болған жерлерді картадан көрсетіңіз; 4.Көтерілісшілер мен хан жасақтары, жазалаушылар арасындағы болған шайқасты әңгімелеңіз IV-топ. «Жазалаушылар» Көтеріліс нәтижесі 1.Көтерілістің нәтижелерін анықтаңыз; 2.Көтерілістің жеңілу себептерін атаңыз; 3.Көтерілісшілердің түпкі мақсаты неге орындалмағанын түсіндіріңіз; 4.Көтеріліс барысындағы басты тұлғалардың тағдыры туралы әңгімелеңіз; 5.Көтерілістің тарихи маңызын бағалаңыз. Бағалау критерийі: Сыни ойлау мен талдау –1836-38жж Бөкей Ордасындағы көтерілістің себебін, мақсатын, барысын, нәтижесі мен тарихи маңызын талдайды; Дескрипторы: 1-топ.Көтерілістің кезеңдерін мен хронологиялық шеңберін дұрыс анықтайды. Көтеріліс болған аумақты картадан дұрыс көрсетеді.Көтерілістің кемінде 2-себепін анықтайды.Халықтың мүддесінің тапталғанын кемінде 2-мысал келтіру арқылы дәлелдейді; 2-топ. Көтерілістің басталуына түрткі болған 1оқиғаны атап, сипаттайды.Көтерілістің мақсатын анықтайды.Тарихи оқиға тұсындағы кемінде 2тұлғаны атайды, 1 тұлғаның оқиғада қаншалықты маңызды екенін түсіндіреді.Көтерілістің барысындағы кемінде 1басты оқиғаларды талдаңыз; • 3-топ.Көтерілістің үдеуінің 1 өзгеріске әкелгенін анықтайды.Көтерілісті басуға жіберілген жазалау отрядтарыныңкемінде 1 басшысын атайды.Көтерілістің негізгі ошақтарын, шайқас болған жерлерді картадан көрсетеді.Көтерілісшілер мен жазалаушылар арасындағы болған1 шайқасты әңгімелейді; 4-топ. Көтерілістің кемінде 1 нәтижелерін анықтайды.Көтерілістің кемінде 1 жеңілу себептері атайды. Көтерілісшілердің түпкі мақсатының орындалмауыныңкемінде 1 себебін түсіндіреді. Көтеріліс барысындағы кемінде 1 басты тұлғаның тағдыры туралы әңгімелейді.Көтерілістің кемінде 1 тарихи маңызын бағалайды. Кері байланыс. Топтардың бір-бірін бағалауы.. «Смайлик сыйлау»	Атамұра, 2012. Қазақтардың (1836-1838) хал-азат жж қозғалысы = Народно-освободительное движение казахов годах Құжаттар, материалдар, мақалалар / ҚР ҒА.- А-А "Ғылым", 1992.- http://www.nlrk.kz/data11/result/ebook_220/index.html Қосымша-2 Карта Қосымша-3 Таратпа- мәтіндер
Сабақтың соңы (9 мин)	Интерпретация. Мұғалімоқушылардың жаңа білімді қаншалықты игергенін және күтілетін нәтижеге қаншалықты жеткенін анықтау үшін «Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?» деген проблемалық сұрақ қойғаны жөн.Оқушылардан толық жауап алу үшін төмендегідей тапсырма беріледі. (Т) 2-тапсырма.«Ыстық отырғыш» Әр топқа Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?» тақырыбында рольдік ойын ұйымдастыруға болады. Әрбір топтан бір оқушы мәселен, «Мен Исатайды қолдап, қолыма қару алуымның себебі.....» деген тірек сөйлемдер негізінде Махамбет ақын-батырдың кейпіне еніп, өз тобының ойын жеткізеді. Тапсырма орындалып болғаннан кейін, тұлға роліне енген оқушыларға кері байланыс беріледі. Дескрипторы: -Қос батырды біріктірген ортақ мақсаттың кемінде 1-іне мысал беру; -Қос батыр туралы өзіндік 1 пікір ұсыну. Кері байланыс. Мұғалімнің бағалауы. «Смайлик сыйлау»	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (5-мин)	Оқушылар кері байланыс парағына өздерінің білімдері қандай дәрежеде игергендерін көрсетеді. Мысалы, «Мен барлығын түсіндім» деген оқушылар өз стикерлерін жасыл түстің тұсына «Мен орташа түсіндім» деген оқушылар сары түстің тұсына, ал «Ешнәрсе түсінбедім» деген оқушылар қызыл түстің тұсына стикерлерін жапсырады. Үлгі: Кері байланыс. «Бағдаршам» әдісі. -Мен барлығын түсіндім -Мен орташа түсіндім -Ешнәрсе түсінбедім	Стикерлер